

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 28 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 12 мамырда № 11022 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 19-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҮЙҮРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.08.2022 № 47/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 1999 жылғы 16 қыркүйектегі № 114 бұйрығы жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден откеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден откеннен кейін осы бұйрықтың Маңғыстау облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

4) Маңғыстау облысы Әділет департаментінде осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден откеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны жөнінде мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Комитет Төрағасы

Н. Әбікаев

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.08.2022 № 47/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚҚ) аумақтық органы болып табылады. Барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметі, терроризм актілерінің және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке қауіп төндіретін өзге де аса қауіпті қылмыстардың жолын кесу, мемлекеттік құпияларды қорғау салаларында басшылықты жүзеге асырады және Маңғыстау облысының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша уәкілетті орган болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, ҰҚҚ Төрағасының бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, нақты және шартты атаулары, мөрлері және қазақ тілінде жазылған өзінің атауымен мөртабандары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаменттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҰҚҚ Төрағасы бекітеді.

Департамент оның құрылымын құрайтын басқармалардан, бөлімдерден, бөлімшелерден, топтардан тұрады. Оның құрамына мынадай оқшауланған құрылымдық бөлімшелер кіреді:

- 1) Жаңаөзен қаласы және Қарақия ауданы бойынша басқармасы. Қызмет көрсету аймағы – Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы және Қарақия ауданы;
- 2) Бейнеу аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы;
- 3) Түпқараған аудандық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Маңғыстау облысының Түпқараған ауданы;
- 4) Мұнайлы аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Маңғыстау облысының Мұнайлы және Маңғыстау аудандары.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 22.05.2023 № 31/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, № 24 шағын аудан, №4 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заннамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тaraу. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

- 1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 2) "Сыртқы барлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мұддесі үшін барлау ақпараттарына қол жеткізу;
- 3) қарсы барлау қызметін жүзеге асыру;
- 4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуге, тұтастырын бұзуға және қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған террористік және өзге де іс-әрекеттерді анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;

5) Маңғыстау облысы аумағындағы терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру;

7) қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметі субъектілерінің тапсырмалары бойынша қарсы барлау, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оларды жүргізуді қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасырын тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оларды жүргізуді қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;

9) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру.

#### 14. Құқықтары мен міндеттері:

##### 1) құқықтары:

астыртын әрекет ететін объектілерді (кәсіпорындарды және ұйымдарды) құру, сондай-ақ қызметкерлерді, құпия көмекшілерді, бөлімшелердің, ұйымдардың, үй-жайлар мен көлік құралдарының ведомстволық тиесілілігін шифрлайтын құжаттарды пайдалану;

өз құзыretі шегінде орындалуы міндетті құқықтық актілер қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

консультативтік-кеңесші органдарды, өз құзыretі шегінде сараптама комиссияларын, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне жататын мәселелер бойынша ведомствоаралық жұмыс топтарын құру;

сотқа жүгіну;

қарсы барлау іс-шараларын, жалпы және арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу, криминалистикалық, психологиялық-әлеуметтанушылық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізу;

құқыққа қайшы іс-әрекеттің жолын кесу жөніндегі жедел-жауынгерлік іс-шараларды әзірленетін арнайы әдістемелерге сәйкес жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеке сәйкес арнайы құралдарды пайдалану;

мақсаттары мен іс-әрекеттері мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға, конституциялық құрылышты күштеп өзгертуге бағытталған шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарына, қылмыстық топтарға енуді жүзеге асыру;

барлау қызметін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде радиоэлектрондық және арнағы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы барлау субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау;

өз әрекеттерімен қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер тәндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу жолын жабу және оларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу туралы мәселелерді дербес немесе уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру кезінде басқа органдарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген шектерде орындалуы міндетті тапсырмалар беру;

өндірісте жатқан материалдар бойынша азаматтарды Департаментке шақыру, олардан түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар алу және олардан көшірмелер түсіру, шақыру бойынша келуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп әкелу;

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда негізді күдік болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда күдікті адамдарды ұстап алушы жүргізу, ұстап алынғандардың құжаттарын тексеруді, оларды және олардың көлік құралдарын жеке жете тексеруді жүзеге асыру, сондай-ақ олардың алып жүрген заттары мен құжаттарын алып қою;

терроризмге қарсы операцияларға қатысу және терроризмге қарсы операциялардың құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану;

қылмыстық құқық бұзушылықтарды болдырмау, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген адамдарды қудалау мен ұстап алушын құралдарды ұсташа орындарына жеткізу, сондай-ақ оқиға орнына бару және жедел медициналық көмекті қажет ететін азаматтарды емдеу мекемелеріне (ұйымдарына) жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, сондай-ақ өзге де ұйымдарға тиесілі байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалану. Байланыс құралдары мен көлік құралдары иелерінің талап етуі бойынша Департамент соның салдарынан келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтейді;

егер кешіктіру азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер тәндіруі, елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасады деп күдік келтірілген адамдарды қудалау мақсатында ұйымдардың, әскери құралымдар мен бөлімдердің аумағы мен үй-жайларына,

азаматтарға тиесілі тұрғын үй-жайлар мен өзге де үй-жайларға, оларға тиесілі жер участкелеріне кедергісіз кіру. Департамент азаматтарға тиесілі тұрғын және өзге де үй-жайларға құштеп кіру жағдайлары туралы прокурорды жиырма төрт сағат ішінде хабардар етеді;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне тәнген қатерді іске асыруға, тергеп-тексерілуі Қазақстан Республикасының заңнамасында ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсынуларды мемлекеттік органдар мен ұйымдарға енгізу;

Ерекше режимдегі және өзге де объектілердің арнайы күзетіletін аумақтарына кіруге әрекет жасаған және кіруге байланысты құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды әкімшілік ұстап алады жүзеге асыру. Олардың жеке басын қуәландыратын құжаттарын тексеру, олардан түсініктемелер алу, оларды жеке жете тексеруді, заттары мен құжаттарын жете тексеруді және алып қоюды жүзеге асыру;

Мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

өзінің орналасқан жерінен тыс жерде Департамент функцияларының бір белігін орындайтын және уәкілетті органда есептік тіркеуге жатпайтын оқшауланған өзге де құрылымдық белімшелерге ие болу;

Ұйымдармен шарттар, келісімдер (меморандумдар) жасасу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірге Департаментке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті бірлескен бүйрықтарды шығару;

Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау туралы белгіленген қағидаларды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын радиоэлектрондық хабар тарату құралдарын пайдаланудың жолын кесу;

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен көрсетілген мемлекеттік органдармен – бірлескен нормативтік құқықтық актілерде, ал ұйымдармен келісімдерде белгіленген тәртіппен берілетін электрондық ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан және ұйымдардан өтеусіз және заңнамалық актілерде коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге белгіленген талаптарды сақтай отырып алу;

Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерін қызметтік іссапарларға, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберу;

Департаменттің қызметіне жататын архивтік жедел, тергеу және басқа да материалдарды сақтауды және пайдалануды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының және өзге де үйымдарының қызметтік үй-жайларын, көлік және өзге де техникалық құралдарын, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың үй-жайларын, көлік құралдары мен өзге мұліктерін шарттық негізде пайдалану;

Департамент объектілері мен үй-жайларына кіру (көлікпен кіру) және олардан шығу (көлікпен шығу) кезінде жеке тұлғалардың (Қазақстан Республикасының заннамасында айқындалған құзетілетін және өзге де адамдарды қоспағанда) жеке басын куәланыратын құжаттарын тексеру, олардың өзімен алып жүрген заттарын жете тексеру;

құпиялық режимін, мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету, Департаментте іс жүргізуді үйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстың жай-күйін бақылауды жүзеге асыру, тексеруді үйымдастыру;

Департамент қызметкерлерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомствоның тиесілілігін немесе құпия негізде ұлттық қауіпсіздік органдарына жәрдем көрсететін азаматтардың жеке басын шифрау мақсатында басқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ үйымдардың құжаттарын пайдалану;

арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарактандыру құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану;

бірлескен нормативтік құқықтық актілерде немесе келісімдерде айқындалған тәртіппен мемлекеттік органдар мен өзге де үйымдардың бейнекамераларын және электрондық жабдығының өзге де түрлерін пайдалану;

жабдықталған орындарда қару, оқ-дәрілер, қорғау мен қорғаныстың арнайы құралдарын сақтау;

жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есепке алу мен ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану.

## 2) міндеттері:

"Сыртқы барлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мұддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыру;

қарсы барлау қызметін жүзеге асыру;

терроризмді және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған өзге де іс-әрекетті анықтау, оның алдын алу және жолын кесу;

заннамада ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру;

Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскериленділген құралымдардың, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одактарының, діни негіздегі партиялардың іс-әрекетінің, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одактарды шетелдік занды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық

ұйымдардың қаржыландыруының алдын алуда және жолын кесуде мемлекеттік органдарға көмек көрсету;

мемлекеттік органдарда, әскери құралымдарда, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қарсы барлап қорғау бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ олардың аталған саладағы қызметін бақылау. Мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат беруге ресімделетін (қайта ресімделетін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізу;

тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қорғаныс кешені, атом энергетикасы, көлік және байланыс объектілерінің, өнірлердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің және басқа да стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның шегінен тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Республика аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысу;

Маңғыстау облысының аумағында шет мемлекеттер өкілдіктерінің және халықаралық ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа құзыретті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, шет елдердің мемлекет, үкімет басшылары және халықаралық ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасында болған кезеңінде олардың, сондай-ақ ел аумағында өткізілетін маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

Департаментке жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында ақпараттық-талдау жұмысын жүргізу;

жұмысы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін радиоэлектрондық құралдардан хабар таратушы берілетін радиосәулелерді анықтау;

жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтеріне техникалық енуді болдырмау бойынша шараларды жүзеге асыру;

ҰҚҚ Төрағасының немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адамның жедел-қызметтік жұмыс материалдарына жария сипат берілгенге дейін оларға қолжетімділікті шектеуді қамтамасыз ететін өкімдік қызметі арқылы барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүргізу, осы қызметтің нәтижелерін көрсететін

материалдарды іске асыру кезінде астыртын әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпарат көздерін құпиясыздандыруға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

Департамент жеке құрамының жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызметке кіретін және мемлекеттік қызметте тұрған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның ведомстволары қызметшісінің, қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қызметшісінің лауазымына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетелдіктерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізу;

прокурордың қадағалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты жазбаша талаптарын орындау;

қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтер беру;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен ҰҚҚ Төрағасының актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

## 15. Функциялары:

1) Департаментте мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

2) ҰҚҚ басшылығының келісімімен және өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық, мемлекетаралық және өзге де ұйымдардың жұмысына қатысу, ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне жататын қызмет салаларында шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен, құқық қорғау органдарымен, үкіметтік және арнайы байланыс органдарымен, халықаралық қауіпсіздік құрылымдарымен және құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылды және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында шешімдер қабылдауға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) терроризмге және экстремизмге, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған өзге де іс-әрекетке қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу және іске

асыру, мемлекеттік органдардың терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл салаларындағы қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, Манғыстау облысының аумағында терроризмге қарсы операциялар жүргізуі үйымдастыру;

5) террористік тұрғыдан осал объектілердің басшыларын террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігі туралы хабардар ету, терроризмге қарсы іс-қимыл мен терроризмге қарсы қорғау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризмге қарсы практикалық оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер өткізу арқылы олардың терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыру;

6) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру және террористік қатерлерді бейтараптандыруға әзірлік жөніндегі шаралар кешенін іске асыруын бақылауды жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарсы барлау, жедел-іздестіру және барлау қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді үйымдастыру және тікелей жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына елдің қоғамдық қауіпсіздігін, заңдылығын, құқықтық тәртібін, қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуде, олардың алдына қойылған өзге де міндеттерді шешуде көмек көрсету;

9) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін ілгерілетуде көмек көрсету;

10) қарсыластың барлау-нұқсан келтіру акцияларын жүргізуіне жағдай жасайтын сыртқы және ішкі факторларды оқшаулау және бейтараптандыру бойынша, соның ішінде трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа, заңсыз көші-қонға, қару-жарактардың, оқ-дәрілердің, жарылғыш және уландырғыш заттардың, есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар мен электрондық құрылғылардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті органдармен бірге шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

11) террористік қауіптілік деңгейін белгілеу, өзгерту немесе алып тастау және ол белгіленетін мерзім туралы, сондай-ақ шегінде ол белгіленетін аумақтың шекаралары, террористік тұрғыдан осал объектілер, террористік қауіпке ұшыраған көлік объектілері, оны жою бойынша құзыретті мемлекеттік органдар қолданатын шаралар, дағдарыстық жағдайлардағы азаматтық тұрғындардың әрекеттері туралы халықты құлақтандыру;

12) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

13) мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қарсы барлап қорғау бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ олардың аталған саладағы қызметін бақылау;

14) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсаты ресімделетін (қайта ресімделетін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізу, сондай-ақ ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасауға, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және (немесе) қызметтерді көрсетуге байланысты қызметке рұқсаттар беру;

15) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қатысты техникалық барлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

16) Ақмола облысының аумағында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын бақылау;

17) басқа құзыретті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ақмола облысының аумағында шет мемлекеттердің өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде мемлекеттік қызметке кіретін және мемлекеттік қызметте тұрған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметшісінің лауазымын атқаруға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына міндетті арнайы тексеру жүргізуді ұйымдастыру;

19) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа тартылатын шетелдіктерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуді ұйымдастыру;

20) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін, жұмыскерлерін, құпия көмекшілерін, мекемелерін, үй-жайлары мен көлік құралдарын, сондай-ақ олардың ведомстволық тиесілілігін, оның ішінде шет елдерде қорғауды және шифрлауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

21) жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

22) қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қорғалуға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

23) Манғыстау облысының аумағында террористік қатерлерді талдауды және болжауды жүзеге асыру;

23-1) жергілікті атқарушы орган әзірлейтін Манғыстау облысы аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесін келісу;

24) Департаментті жауынгерлік, техникалық, материалдық, кадрлық, қаржылық, ғылыми, ақпараттық, құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық, әскери-медициналық (медициналық) және басқа да қамтамасыз ету тұрлерін ұйымдастыру, оның ішінде

қызметкерлер мен жұмыскерлерді тамақтандыру, ғимараттар мен құрылышжайларды қүрделі салу және реконструкциялау, жөндеу, тұрғын үй және казармалық-тұрғын үй құрылсызы, жөндеу;

25) Департаментте архив ісін ұйымдастыру, осы мақсаттарда ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану;

26) психологиялық-элеуметтанушылық және психологиялық-физиологиялық зерттеулер жүргізу;

27) полиграфологиялық зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін ұлттық қауіпсіздік органдарының ақпараттық жүйесінде есепке алууды жүзеге асыру;

28) әскери-дәрігерлік сараптама, сондай-ақ наркологиялық тестілеу жүргізу;

29) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau және әкімшілік жазаларды қолдану;

30) өз құзыреті шегінде шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған барлау, қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

31) азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу кезеңінде шақыру комиссияларының жұмысына қатысу;

32) жергілікті әскери басқару органдары ұсынған жиынтық деректер негізінде ҰҚҚ Шекара қызметінің қажеттіліктері үшін әскерге шақыру контингентіне мониторингті және іріктеуді жүзеге асыру;

33) шектес мемлекеттердің аумағынан Мемлекеттік шекара арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылсысын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып, билікті күштеп ұстап тұруға бағытталған әрекеттерден; диверсиялардан; қарулы буліктен туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ "Төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;

34) Департаментте құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

35) Департаментте мемлекеттік тілдің қолданылу аясын дамыту және кеңейту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

36) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мұдделерін қозғайтын оқиғалар мен фактілер туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында мұдделі мемлекеттік органдардың кезекші қызметтерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

37) ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін қарсы барлау, жедел-іздестіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерін техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

38) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру және бақылау;

39) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық актілер мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және орындау мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғау органдарының қызметін үйлестіру және бақылау;

40) Маңғыстау облысы аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шаралар жүйесінің орындалуын бақылау;

41) киберкеңістікте мемлекеттің ақпаратын, коммуникацияларын және стратегиялық инфрақұрылым объектілерін киберқорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

42) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсету;

43) қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын барлық органдардың міндеттерді шешу мүддесінде байланыс желісін пайдалануға байланысты қарсы барлау, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық жүзеге асыру;

44) ғимараттардың, объектілердің күзетін, сондай-ақ өткізу және ішкі объектілік режимді қамтамасыз ету.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 07.08.2023 № 63/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

### **3-тарау. Департамент бастығының мәртебесі мен өкілеттіктері**

16. Департаментке басшылықты оның бастығы жүзеге асырады, ол Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Департаменттің бастығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындейды;

2) Департаменттің құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелер басшыларының өкілеттігін айқындейды;

3) Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған кезде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент бастығы ҰҚҚ басшылығына Департаменттің құрылымы және штаты бойынша ұсыныстар ұсынады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департамент заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие бола алады. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетінше иелікten шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.